

# СЕМИОСФЕРА

## Адам және таңба

1-тарау. Мәдениет және жарылыс





Кітап: Семиосфера  
Тарау: 1. Мәдениет және жарылыс  
Дәріс: 1. Адам және таңба

Юрий Лотман – кеңестік және эстониялық әдебиеттанушы, мәдениеттанушы және семиотик. Кеңес ғылымындағы әдебиет және мәдениет саласын зерттеуде құрылымдық-семиотикалық әдісті жасаушылардың бірі, Тарту-Мәскеу семиотикалық мектебінің негізін салушы.

Лотман шығармасындағы осы кітабы оны Мәскеу-Тарту семиотикалық мектебінің негізін салушы, сонымен қатар әмбебап семиотика теориясы және методологиясының авторы ретінде көрсетеді. Бұл еңбегі ғалымды әлемге танытты. Кітапта түрлі жылдары жарияланған монографиялар бүгінгі таңда қайтадан ғылыми айналымға еніп, гуманитарлық білім мамандарына пайдалануға қолжетімді болды. Кітап студенттер мен педагогтар, мәдениет тарихшылары, тіл мамандары және мәдениеттің терең құбылыстарын зерттеушілерге арналған.

«Семиосфера» кітабында берілген «Мәдениет және жарылыс», «Ойшыл әлемдер аясында», әр жылдары жазылған мақала-зерттеулері оқырманның атақты ойшылдың ой әлемімен танысумен бірге, ғалым зерделеген мәселелердің тұңғығына бойлауға, олардың шешімін табуға талпынуға да мүмкіндік береді.

Семиотика ғылымның адам өмірінде алатын орны зор. Ол күнделікті өмірге барынша кірігіп, оны түрлі тетіктермен және техникалармен байытады, ақыл-ойымыздың құрылымы мен сөйлеу сипатын да өзгертеді. Бүкіл жер шарында миллиондаған адамдар ғылымға үмітпен не үреймен қарайды. Біреулері ғылымнан оның мүмкіндігіне қарағанда көрінеу көп күтеді – адамзат баласын әуре-сарсаңға салған сан сауалдың жалпы шешімін күтеді, енді біреулері ғылыми-техникалық прогресс адамзаттың толығымен құрып кетуіне әкеліп соға ма деп алаңдайды. Ғылым жолындағы жандар, олардың шығармашылығы, ақыл-ой жүйесі, өмір сүру жағдайы қаламгерлер мен кинематографтардың таңдаулы тақырыптарының біріне айналды. Ғылымға және оның болашақтағы жетістіктеріне арналған арнайы әдебиет – ғылыми фантастика пайда болды. Бұл барлық туындылардың сапасы кей кезде төмен болса да, оқырмандардың жүрегінен орын таба білуі кездейсоқ жайт емес. Көпшілік оқырманның ғылыми шығармашылықтың не екенін түсінуге деген талпынысы осыдан көрініс табады. Алайда ғылыми шығармашылықтың түпкі мағынасы жазушыларға көбінесе бұрмаланған күйде берілетініне көз жеткізу үшін ғылыми-фантастикалық романдарды оқу жеткілікті болмақ. Ғалым дегенде әдетте көз алдымызға бәрімізге бала кезден белгілі Жюль Верннің романындағы басты кейіпкерлердің бірі Паганель елестейді. Бұл тұнып тұрған энциклопедия, сан алуан сауалға іздеген жауаптарымыздың жиынтығы. Мұндай тоғышарлық көзқарас оқырманға: «Мен бүкіл Энциклопедияны жатқа білсем, ғалым боп кетер едім, барлығына жауап бере алар едім» – деген ой салады. Бұл романдарда қарапайым адамдар күмәнмен қарайды, ал ғалымдар біледі: «қарапайым» адамдар сұрақ қояды, ал олар жауап береді.

Адамзатты қоршаған әлем туралы осы бір тоғышарлық түсініктерге сүйенетін болсақ, бәрі түсінікті – бұл жерде бас қатыратын ештеңе жоқ! Сондықтан, егер жазушы ғылыми ізденісті бейнелеуге ұмтылса, онда ол өз кейіпкерін алыс, таудың аяқ баспас шыңдарына, не болмаса – одан да тамаша – Андромеда тұмандығына, яки грек әрпімен белгіленген және атауы еліктіріп әкететін қандай да бір жұлдызға саяхатқа жібереді. Дәл сол жерде таңғажайып жаңалық орын алады. Ғалым еңбегінің осыған ұқсас түсіндірмелері тікелей зиян келтірмегенде, күлкілі ғана болар еді. Ғылыми шығармашылықтың мәнісіне тоғышарлық қате түсініктің таралуы зиянын тигізбей қоймайды. Себебі, біріншіден, жастарды жаңылыстырады, ал жастар болашақтың ғылымына тиесілі. Екіншіден, ғылымның қолайлы не қолайсыз өмір сүру жағдайларын ғалымдар емес, қоғам қалыптастыратынын ұмытпаған жөн. Сол үшін де қоғам ғылым үшін ненің пайдалы, ненің зиянды екенін түсінуі тиіс.

Осындай кіріспенің маңызы зор, себебі семиотика – кез келген ғылыми ақыл-ойға тән кейбір ерекшеліктер барынша айқын көрініс тапқан ғылым. Ғылым үнемі алты қырдың аржағындағы белгісізді іздемейді. Ол көбінесе түсінікті және қарапайым деп тапқан дүниені алады да, ондағы түсініксіздік пен күрделіліктің сырын ашады. Ғылым үнемі белгісізді белгіліге айналдыра бермейді – ол көбінесе тура осылай, керісінше, істейді. Ақыр соңында, ол барынша көп жауап беруді әсте көздемейді: ол сұрақтың дұрыс қойылуы және дұрыс пайымдау барысы тексеруге ұшырамайтын дайын жауаптарға қарағанда зор маңызға ие деген тұжырымға сүйенеді. Адамдар қарым-қатынас процесінде пайдаланатын коммуникативтік жүйелер мен таңбалар туралы ғылым – семиотика пәні деп аталады. «Мен айттым – сен түсіндің» дегеннен артық жеңіл әрі таныс жайт жоқ шығар, сірә?! Ал дәл осы жайт ғылыми пайымдар үшін көп



Кітап: Семиосфера  
Тарау: 1. Мәдениет және жарылыс  
Дәріс: 1. Адам және таңба

негіз береді. Ақпаратты беру тетігі қандай? Ақпаратты берудің сенімділігін не қамтамасыз етеді? Ақпаратқа қандай жағдайда күмән келтіруге болады? «Түсіну» деген нені білдіреді? Тұрмыстық тәжірибенің тар ауқымымен шектелмей, осы және басқа да қарапайым болып көрінетін көптеген сұрақтарға барынша зер салып қарайтын болсақ, олардың, түптеп келгенде, өте маңызды екеніне көз жеткіземіз.

Белгілі бір сигналдармен қосылатын автомат-машинамен жұмыс істейміз деп елестетейік. Біз сигнал бергенде, машина қосылады. Машина бізді «түсіне ме»? Қазіргі уақытта бізге кейбір жануарлар өте күрделі жүйені құрайтын сигналдар арқылы бір-бірімен ақпарат алмасатыны белгілі. Демек, жануарлар бірін-бірі «түсіне ме»? Ал біз оларды «түсіне» аламыз ба? Оларды бізді «түсінуге» мәжбүрлей аламыз ба? Ақырында, әзірге қиялшылдардың қиялында тұрған, бірақ күндердің бір күнінде шынайы жүзеге асуы мүмкін – жатпланеталық саналы тіршілік иелерімен немесе басқа да ғарыш өркениеттерімен араласу жағдайын көз алдымызға елестетейік. Олармен ақпарат алмасып, бір-бірімізді түсіне аламыз ба? Түсінбестіктен туындайтын қайшылықтар, әдетте, қайғылы аяқталады. Адамзат тарихындағы көптеген мысалдарға жүгінбес үшін, Жер шарында адамзат пен жануарлар дүниесінің арасында қалыптасқан өзара қарым-қатынастар жайлы сөз қозғап кеткім келеді. Осы қарым-қатынаста түсінбестік қайшылықтары туындады. Мұның өзі қазіргі таңда соңғы сатыға қадам басып келе жатқан жануарлардың толығымен жойылу процесіне әкелді.

Бұл қажет пе еді? Бұған тіршілік үшін күрес мәжбүр етті ме? Дей тұрғанмен, тіршілік үшін нағыз күрес, мысалы, жыртқыштар мен шөпқоректілердің, құстар мен жәндіктердің арасында қақтығыс орын алатын жерде, бірі түбегейлі жойылып, екіншілері толықтай жеңіске жететін кез ешқашан болмайды, бұл жерде қандай да бір тепе-теңдік орнайды. Табиғатта «жолбарыстар барлық шөпқоректілерді бірін қалдырмай жеп қоятын» жайт мүмкін емес. Ол ең алдымен биологиялық түр ретінде жолбарыстардың қажеттілігіне сай келмейді. Дегенмен айналамызға мұқият қарайтын болсақ, осы сауалдың тоқтамына келу үшін ғарыштан қонақтарды күтудің қажеті жоқ екеніне көз жеткіземіз. Бізге беймәлім тілде жазылған кітап – біз үшін таңғаларлық жайт емес. Есесіне біз өнер туындысының тым жаңа не тым ескі екендігін түсінбесек, қатты таңғалып жатамыз. Л. Толстой Шекспирді түсінбеген және ол осыны мойындап, батылдық танытқан. Біз мойындамаймыз, бірақ бұл оны түсінетінімізді білдіре ме? Біз балаларды түсінеміз бе? Ал өзін-өзі түсіну деген нені білдіреді? «Түсіну» сөзінің мағынасын анықтап, оны ғылыми терминге айналдырмайынша, бұл сұрақтардың барлығына жауап беру екіталай.

Сөз етілген барлық жайттарда кейбір коммуникация жүйелерімен және олар арқылы белгілі ақпаратты берумен бетпе-бет келдік. Зерттеудің жалпы нысаны осылай бөлінеді. Қандай да бір тілде сөйлесек те, не сол тілде жазсақ та, көшедегі бағдаршамдардың белгісін байқасақ та, роман оқысақ та, не кинофильм көрсек те, ғарыштан сигналдарды аңғарсақ та, не дельфиндердің тілін ұғынуға тырыссақ та – біз қандай да бір коммуникациялар жүйесіне қосылып, оның көмегімен берілетін ақпаратты ұғынуға ұмтыламыз. Ақпаратты алу, сақтау, беру әрекеттерінсіз адам өмірінде дүниені танып-білу де, адамзат қоғамын ұйымдастыру да мүмкін болмайды. Сондықтан айтарлықтай жаңа коммуникативтік жүйелерді зерттейтін семиотика ғылымының ғылымдар әлемінде ойып тұрып орын алатыны және ара-тұра бұл орынның одан сайын маңызды бола түсетіні анық.

XVII ғасырдың өзінде ағылшын материалист-философы Дж. Локк семиотиканың маңызы мен көлемін барынша анық етіп айқындаса да, семиотика дербес пән ретінде айтарлықтай бертінде пайда болды. Ол ғылым бөлінісі туралы сөз қозғай келе: «Келесі бөлімді «семиотика» немесе «таңбалар туралы ілім» деп атауға болады», – деп жазған екен. Оның ойынша, бұл бөлімнің міндеті – «ақыл-ой заттарды түсіну үшін немесе өз білімін басқаларға беру үшін пайдаланатын таңбалардың табиғатын зерделеу». Семиотиканың мұндай анықтамасы осы күнге дейін ғылыми тұрғыда көңіл толтырарлық анықтама болып табылады. Әсіресе қазіргі тіл білімінің рөлі өте жоғары. Бұл кездейсоқ жайт емес. Көптеген семиотикалық проблемалардың астарында «мен айтамын – сен түсінесің» деген сияқты қарапайым коммуникативтік жағдайды зерттеудің жатқанын әлдеқашан айтқан болатынбыз. Бірақ, бұлай болу үшін, бізде ортақ тіл болуы қажет екені анық. Әлем халықтары сөйлейтін тілдер – ең маңызды, кең таралған және жақсы зерттелген коммуникативтік жүйе. Сол себепті құрылымдық лингвистиканың жетістіктері семиотиканың зерттеу тәсілдерін біршама айқындай түсті.



Аталмыш теорияға ақпарат теориясы елеулі үлес қосты. Бұл математикалық пән екінші дүниежүзілік соғыс кезінде айтарлықтай қарапайым және айқын техникалық міндеттерден туындады: америкалық инженер Шеннонның алдына байланыс желілерінің сенімділігін зерделеу проблемасы қойылған болатын. Шеннон сонымен бірге ақпараттың мөлшерін, мәтінді шифрлеу мен дешифрлеу жағдайларын, бұрмалану ықтималдығын және т.б. өлшеуге мүмкіндік беретін математикалық теорияны әзірлеп шығарды. Ақпарат теориясының негізгі ұғымдары – «байланыс арнасы», «код», «хабарлама» – бірқатар семиотикалық проблемаларды түсіндіру үшін айтарлықтай ыңғайлы болып шықты. Ақпаратты сақтау және беру проблемасы сонымен бір мезгілде кибернетиканың да басты назарында болды, осы орайда «ақпарат» қандай да бір құрылымдық ұйым ретінде кеңінен түсіндіріле бастады. Осы тұрғыдан алғанда, ақпарат – білгеніміз ғана емес, сондай-ақ біле алатынымыз да болмақ; яғни әлі оқылмаған кітап, ашылмаған жұлдыз немесе әлі қосылмаған граммофон күйтабағы – мұның барлығы ақпараттың белгілі бір шамаларын білдіреді.

Ағылшын жазушысы Джонатан Свифт Гулливердің Лапута аралына жасаған қиял-ғажайыпқа толы саяхатында сөздерді заттармен ауыстыруға бел байлаған әумесер ғалымдарды сипаттайды. Олар әртүрлі жүктерді тиеп алып, қаланы аралай сүйретіп жүрген, ал сөзді айтқанның орнына, бір-біріне заттарды ұсынған екен. Адамзат өз тарихында ұлы жаңалықтардың бірін ешқашан ашпағанда, яғни таңбаларды ойлап таппағанда, дәл осындай күйде болар еді. Таңбалар болмысты, құбылыстарды және заттарды алмастырады, сонымен қатар адамдарға ақпаратпен алмасуға мүмкіндік береді. Бәрімізге айтарлықтай таныс және кең қолданылатын таңбалардың түрі – сөз. Алайда біз басқа да таңба-алмастырғыштарды кеңінен пайдаланамыз. Мәселен, Карл Маркс көрсеткендей, ақша қоғамда зат өндірісіне жұмсалған қажетті еңбек құнының таңбасы болып табылады. Белсенділігі ерекше таңбалар әлеуметтік тәжірибені жинақтайды: ордендер мен атақтар, елтаңбалар мен салт-жоралар, ақша мен әдет-ғұрыптар – мұның барлығы адами ұжымды ұйымдастырудың алуан түрлі қағидаттарын көрсететін таңбалар болып табылады. Таңбаларды зерделеу: сөйлеу кемшіліктерін емдеу мәселелері мен зағип жандарды ұжым өміріне бейімдеудің барынша тиімді тәсілдерінен бастап машиналық аудармаға дейінгі, автоматтық жүйелерді басқару мен ғарыштық қарым-қатынас әдістерін зерттеуге дейінгі кең практикалық қолданыстар мүмкіндіктеріне жол ашады.

Әрі қарай Лотманның еңбегінің «Мәдениет және жарылыс» деп атаған бөлімін қарастырайық.

Тілден тыс ақиқатқа тиесілі жүйе мазмұнының әлемін тәржімалау мәселесі түбірлі мәселелердің бірі. Мұның салдарынан мынадай екі мәселе туындайды:

- ақиқаттан алыс дүниені бейнелеу үшін кем дегенде екі тілдің қажет екендігі;
- ақиқат кеңістігін бір тіл жеке өзі емес, қайтсе де тілдердің жиынтығы ғана қамтитындығы.

Ақиқаттың болмысын бір мінсіз тіл жалғыз өзі көрсете алады деген түсінік құр қиял ғана болмақ. Екі тілдің болуы және олардың әрқайсысын жеке алғанда сыртқы әлемді қамту қабілетсіздігі ең аз жұмыс істейтін құрылым болып табылады. Бұл қабілетсіздікті кемшілік деп санауға болмайды, дұрысы тіршіліктің шарты деп қабылдаған жөн, сонда ғана басқа болмысқа деген қажеттілік туындайды.

Көптік пен жалғыздықтың арасындағы қатынас мәдениеттің негізгі, іргелі белгілеріне тиесілі. Мұнда логикалық және тарихи нақтылық бір жерден шықпайды: логикалық ақиқат мүлтіксіз тұтастықты тұтатар жалғыз жайтты енгізе отырып, қандай да бір абстракцияның шартты моделін құрастырады.


Келесі кезеңнің мәні – типтік емес мінез-құлық санаға норма бұзушылық секілді енеді – кемтарлық, қылмыс, қаһармандық. Бұл кезеңде мінез-құлық дара және ұжымдық болып бөлінеді. Одан кейінгі кезеңде ғана дара мінез-құлық үшін жалпыға бірдей үлгі мен қағида ретінде, ал жалпы мінез-құлық үшін дара мінез-құлықты бағалау нүктесі ретінде мүмкіндік туады, яғни осы екі мүмкіндік те біртұтас мүмкіндіктің бір-бірінен ажырағысыз аспектілері ретінде жүзеге асырылатын біртұтас жүйе пайда болады. Сөйтіп, дара мінез-құлық пен ұжымдық мінез-құлық дүние есігін бір-біріне зәру қарама-қайшылықтар ретінде ашады. Әлбетте, бұл бастапқыда ой елегінен өткізілмейді, демек, әлеуметтік тұрғыда екеуі де «жоқ» болады. Ой елегіне салудың алғашқы сатысы – ауру, жарақат, кемтарлық немесе жүйелі физиологиялық қозу. Бұл процестер барысында артынан қайта дербессіздікке айналатын дербестік бөлініп




шығады. Мінез-құлықтың ұдайы айырмашылықтары жеке тұлғаның қалыптасуымен, яғни таңдау еркіндігінің пайда болуымен ғана физиологиялық айырмашылықтардан психологиялық айырмашылықтарға ұласады.

Бір тілді жүйе барлық коммуникациялық модельдердің барлығына негіз болды. Мына сызбаға сүйенетін болсақ, коммуникацияның мақсаты қарым-қатынастың баламалылығы болып табылады. Машықтардың жетілмеуінің салдарынан туындайтын кедергілер бұл орайда тосқауылдар ретінде қаралады.

Дәстүрлі коммуникация моделінің типі:



Бұл жағдайда сөйлеуші мен тыңдаушының тілдік кеңістігінің қиылысуы қалыпты жағдай болмақ:



Егер сын-бағадан бас тартатын болсақ, онда алдымызда бір процестің бір-біріне мұқтаж және динамикалық дамуда ұдайы бірін-бірі алмастыратын екі жағы тұр. Тарихи процестің қарама-қайшы күрделілігі біртіндеп екі форманы алма-кезек белсенді етеді. Қазіргі таңда Еуропа өркениеті жарылыс идеясының жаппай кемсітушілігі кезеңін бастан кешіруде. Адамзат баласы XVIII-XX ғасырларда бастан кешірген кезеңдерін мынадай метафорамен сипаттауға болады: әлеуметтік-мәдени процестер жарылыс образының ықпалында философиялық ұғым ретінде емес, дәлме-дәл айтқанда бір ұшқынның, динамиттің не атомдық ядроның жарылысы түрінде болды. Жарылыс басқа метафоралық тұрғыда ғана ауысатын физикалық құбылыс ретінде қазіргі адам баласы үшін қирату идеяларымен бірдей саналып, бүлінудің белгісі болды.

Жарылыс кезеңі сонымен бірге – бүкіл жүйенің ақпараттылығы күрт артатын орын. Бұл жерде қиғаш даму жолы ойға келмейтін әрі күрделі жаңа жолға қадам басады. Жүйедегі кез келген элемент немесе тіпті басқа жүйедегі, жарылыстың салдарынан болашақ қозғалыс мүмкіндіктерінің өрісіне қарай бет алған кез келген элемент жарылыс нәтижесінде пайда болатын және болашақ қозғалысты анықтайтын үстем элемент бола алады. Алайда келесі кезеңде ол енді болжамды оқиғалар желісін тудырады.

Сонымен, жарылыс кезеңі басқа кезеңнің бастауын белгілейді. Өзіндік сана механизмдерінің белсене қатысуы арқылы жүзеге асатын процестерде, бұл – бетбұрысты кезең. Сана жарылыс кезеңінің алдындағы кезеңге қайта ойысады да, барлық өткен оқиғаларға шолу жасайды. Нақты өткеннің орнын оның акт қатысушысының санасында туған моделі алмастырады. Ретроспективті трансформация жүзеге асады. Өткен оқиға мүмкін болатын жалғыз «түбірлі, тарихи тұрғыда күні бұрын таңбасы басылған» оқиға деп танылады. Әлі болмаған оқиға мүмкін болмайтын дүние ретінде ұғынылады. Кездейсоқтық заңды әрі сөзсіз сипатқа ие болады.

Оқиғалар тарихшының жадында осылай сақталады. Тарихшы бұл оқиғаларды жадының ықпалымен трансформацияланған күйінде сақтайды. Ең маңыздысы – оның материалында барлық кездейсоқтықтар оқшауланған, жарылыс заңды сызықтық дамуға трансформацияланған. Жарылыс туралы сөз ететін болсақ, онда ұғымның өзі бастапқы мазмұнын түбегейлі



өзгертеді: оған оқиғалардың жігері мен жылдамдығы, олардың қарсы күштерге тойтарыс беруі туралы түсінік енгізіледі, бірақ көп мүмкіндіктердің бірін таңдау нәтижелерінің болжамсыздығы шеттетіледі. Сөйтіп, «жарылыс» ұғымынан ақпараттылық кезеңі алынып тасталады – оны фатализм алмастырады.

Тарихшының көзқарасы – ретроспективті трансформацияның қосалқы процесі. Тарихшы оқиғаға осы шақтан өткен шаққа бағытталған көзқараспен қарайды. Бұл көзқарас өз болмысымен сипаттау нысанын трансформациялайды. Жай бақылаушы үшін оқиғалардың шым-шытырық суреті тарихшының қаламынан туады. Тарихшы өткен оқиға желісінен қашып құтыла алмайды. Бірақ оның шығармашылық белсенділігі басқадан білінеді: ол есте сақталған мағлұматтардың молдығынан осы соңғы нүктеге қарай үлкен сенімділікпен жетелейтін сабақтас желіні құрастырады. Астарында кездейсоқтық жатқан, үсті қисынсыз болжамдардың және болар-болмас сенім ұялатар себеп-салдарлық байланыстардың қабатымен көмкерілген бұл нүкте тарихшы қаламының астында тылсым сипатты иеленеді деуге болады. Осы бір нүкте таңғажайып, яки тарихи сағаттар салтанаты, болып өткен бүкіл процестің мағынасын жеткізуші ретінде қаралады. Тарихқа оған мүлдем жат мақсат ұғымы енгізіледі.

Мағыналық кеңістіктердің қиылысу проблемасы қағазға салатын шеңберлеріміз осы заттың нақты моделі емес, көзге көрінер өзіндік бір метафорасы екендігімен шиеленісе түспек. Метафоризм модельдер мен ғылыми анықтамалардың бетпердесін жамылып ап келсе, тіптен қауіпті болмақ. Кез келген мағыналық кеңістік метафоралық тұрғыда ғана біркелкі айқын шекарасы бар екі өлшемді кеңістік бола алады. Метафоралық тұрғыда мұны картадағы және аймақтағы кеңістіктің шекараларымен салыстыруға болады: аймақ бойынша нақты қозғалған кезде географиялық сызық айқын сызықтың орнына дақ қалдырып, жойылып кетеді.

Жаңа мағына тудыратын мағыналық кеңістіктердің қиылысуы жеке санамен байланысты. Берілген тіл бүкіл кеңістікке таралған жағдайда бұл қиылысқан жерлер тілдік метафораларды тудырады. Бұлар ұжымның ортақ тілінің деректері болып табылады. Басқа полюста көркем метафоралар орналасады. Мұнда да мағыналық кеңістік көпмағыналы: қандай да бір әдеби мектептерге немесе кезеңдерге ортақ клише-метафоралар, қарапайым саладан біртіндеп жеке шығармашылық саласына ойысатын метафоралар мағыналық қиылысудың әртүрлі деңгейлерін бейнелейді. Бұл жағдайда дәстүрлі мағына иелері заңсыз әрі біздің сезімімізді қорлайды деп бағалайтын түбегейлі жаңашыл метафора шекті метафораға жатады, бұл мұқалтар метафора қашанда шығармашылық әрекеттің нәтижесі болмақ. Мұның өзі оған алдағы уақытта кең таралған және тіпті қарапайым метафораға айналуға кедергі келтірмейді.

Семотикалық кеңістік белгілі бір қабатқа бірге шоғырланған, күрделі ішкі арақатаныстары бар, аударылу деңгейі әртүрлі және аударылмаушылық кеңістіктері бар сан алуан мәтіндердің көп қабатты тоғысы іспеттес. Осы қабаттың астында сан түрлі тілдермен құрылған және олармен иерархиялық байланыстағы ақиқат қабаты орналасқан. Осы екі қабат бірігіп келіп, мәдениет семиотикасын құрайды. Мәдениет семиотикасының сыртында тілден тыс ақиқат жатыр. «Ақиқат» сөзінің астарында екі түрлі құбылыс жатыр. Бір жағынан, бұл канттық анықтамаға сәйкес, феномендік ақиқат, яғни мәдениетпен, біресе оған қарсы келіп, біресе онымен қосылып байланысатын шындық. Өзге ноуменалды мағынада, ақиқатты мәдениеттен тыс тойтарылмас кеңістік ретінде сипаттауға болады. Алайда егер бізді қоршаған әлемнің орталығына бір ғана оқшау «менді» емес, өзара байланысатын көптеген «меннің» күрделі кеңістігін қоятын болсақ, онда жаңағы анықтамалар мен терминдердің бүкіл құрылысы өзгеріп кетеді.

Сонымен, Канттың түсініктеріне сәйкес, егер мәдениет қабатында жалғыз ғана бір тіл болса, онда сыртқы ақиқат трансценденттік болар еді. Бірақ аударылатын мен аударылмайтынның арақатынасының күрделілігі соншалық, тіпті шектен тыс кеңістікке жарып өту мүмкіндіктері пайда болады. Бұл функцияны семиотикалық қабаттан, былайша айтқанда терезелер жасай алатын жарылыс кезеңдері де атқарады. Сөйтіп, семиозис әлемі өз ішінде қымталып қалмайды: ол ұдайы өзінен тыс кеңістікпен, біресе оны өзіне тартып, біресе оған өзінің пайдаланылып болған және семиотикалық белсенділігінен айырылған элементтерін лақтырып, «ойнайтын» күрделі құрылымды құрайды. Осы айтылғаннан екі тұжырым жасауға болады. Бір қарым-қатынас тілін семиозистің негізі ретінде абстракциялау – нашар абстракция, өйткені ол механизмнің бүкіл мәнісін білдіртпей бұрмалап жібереді. Әлбетте, беруші және қабылдаушы механизмдердің біршама сәйкестігіне, жалғыз арна арқылы араласуға жақын жайттарды қарастыра аламыз.



Кітап: Семиосфера  
Тарау: 1. Мәдениет және жарылыс  
Дәріс: 1. Адам және таңба

---

Десек те, бұл басты модель емес, бұл – «қалыпты» полигививалды модельден бөлініп шығатын дара кеңістік.

Екінші аспект тілдік кеңістіктің динамикалық табиғатымен байланысты. Статикалық сипаттама беріп, артынан оны қозғалысқа келтіреміз деген түсінік те нашар абстракция болмақ. Статикалық күй – жалғыз ақиқат саналатын динамикалық құрылымнан ойымызды бөлетін дара модель.